



Республикалық жастар газеті Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан
бастап шығады

...Мен
жастарға
сенемін!

Мағжан



№36 (625)
11 қыркүйек,
2025 жыл

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

ЕҢБЕКТИҢ, ЕРЕН ЕРЛЕРІ



Мұнай – «қара алтын» ғана емес, елдің енесін көтеріп тұрған күретауы. Қара алтын жер қойнауынан шыққан сәттен бастап, оны халық игілігіне жаратуға дейінгі аралықта мыңдаған адамның маңдай тері сіңеді. Қарапайым жұмысшыдан бастап инженер мен технологқа дейінгі әрбір маманның үлесі бар. Бірақ солардың ішінде ауыр еңбек пен төзімділіктің ең әуелі мұнайшылар көтереді.

Жаздың аптап ыстығында да, қыстың қақаған аязында да өндірістің қатаң төртібінде шыдамдықпен қызмет етіп жүрген әр мұнайшы – тек еңбек адамы емес, қайсарлықтың символы. Күн сайын кеңседе компьютер алдында отыратын есепші үшін жайлы орындық пен қағаз-қалам қаншалықты үйреншікті болса, ал кен орнындағы мұнайшы үшін темір құрсаулы цех пен жер астынан атқылаған қысым – сондай қалыпты дүние.

Осы сала мамандарымен уақыттың тығыздығына қарамастан әңгімелесіп қайттық.

8-бетте

Қазақстанда 2013 жылдан бастап қыркүйек айының әр екінші жексенбісінде Отбасы күні ресми түрде аталып өтеді. Бұл күн – шаңырақтың берекесі мен бірлігін дәріптейтін, ата-ана мен бала арасындағы байланысты нығайтатын ерекше мереке.

ОТБАСЫ ЖАРАСЫМЫ ЗАҢДА МА, СҮЙІСПЕНШІЛІКТЕ МЕ?



Аталған мерекені белгілеу идеясы алғаш рет 2009 жылы көтерілді. Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық ахуал мәселелері жөніндегі Ұлттық комиссия Қазақстанда Отбасы күнін ресми түрде енгізу туралы бастама ұсынған болатын. Кейін бұл бастама мемлекет тарапынан қолдау тауып, халықтың бірлігін, отбасының қоғамдағы рөлін айшықтайтын мерекеге айналды.

Отбасы күні еліміздің түкпір-түкпірінде түрлі мәдени, әлеуметтік іс-шаралармен аталып өтеді. Бұл күні өнегелі әулеттер мен көпбалалы отбасылар марапатталып, жастарға үлгі етіледі. Сондай-ақ мектептерде тәрбие сағаттары ұйымдастырылып, отбасының қоғамдағы маңызы жайлы әңгімелер өрбиді.

5-бетте

ЖАСТАР – ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫ

«Жастар – елдің жарқын болашағы» деген жалынды сөздер олардың мемлекет үшін қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Шынында да, мемлекет тағдырын айқындайтын ең басты күш – жас буын. Қоғамға тың серпін сыйлайтын жаңашыл жастар идея мен шабытқа, энергияға бай һәм жастардың саясаттағы да белсенділігі елдің даму бағытын анықтайтын негізгі фактордың бірі.

Алайда жастардың саяси қызығушылығы төмен екені жасырын емес. Оның салдарынан қоғамның дамуы да баяулайды. Қазақстанда 6 миллионға жуық жас бар. Ғаламтордағы зерттеулер мен статистикаға сүйенсек, олардың 90%-ы саясаттан алшақ. Демек ең өзекті мәселе – жастарды саясатқа тартудың жаңа жолдарын табу. Себебі жастар саясаты – тек бір буынның ғана емес, тұтас елдің тағдырына әсер ететін сала.

3-бетте



«Сәлеметсің бе, замандас!»

Бала күнінен құлағымызда жағымды даусымен есте қалған Қазақ радиосының аңызы, Қазақстанның Еңбек сіңірген әртісі, Қазақтың Левитаны Әнуарбек Байжанбаев «Фирдин Акбаяны» деп атаған диктор Сауық Жаканова Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің құрметті қонағы болды.

Сауық Мәсігүтқызымен бірге сапарлас боп келген Германияның Мюнхен қаласындағы қандасымыз, саяси ғылымдар докторы Абдулхайым Кесижи, Абдулхайым ағаның жары Фатма ханым мен қыздары Зейнеп пен Шолпан, Сыр елінің мақтанышы, Жаңақорған ауданының өнерпазы Сара Бекахметова, ҚР Журналистер Одағының мүшесі, радиожурналист Жазира Амантайқызы, белгілі журналист, Халықаралық «Жанашыр» қоғамының президенті Жаныл Әпетовалар қазіргі студент – болашақ тіл, әдебиет және журналист мамандармен, профессор-оқытушылармен кездесті.

Сөз кезегі – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы Асыл Қожабайқызында...


6-бетте

АЗАРТ жарнамасы жамырап тұр



«СЫР ЖАСТАРЫ» БАҒДАРЛАМАСЫНА КҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

2



11 ҚЫРКҮЙЕК: ТАРИХ-ПЕН ТАҒЫЛЫМҒА ТОЛЫ КҮН

8

СУ ҚОРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАР НӘТИЖЕ БЕРУДЕ



Биыл Сырдария өзені арнасында орналасқан көлдер жүйесін сумен толтыруға 1 960 млн текше метр су жіберілген.

5 сәуір күні Самарқанд қаласында өткізілген Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясының 89-отырысында вегетация кезеңінде

Шардара су қоймасына 3,694 миллиард текше метр су түсу болжанған еді. Алайда жылдың 1 жартыжылдығында түскен су көлемі 62% -ды құрады. Ал Арал теңізіне түсетін су көлемі 85%. Бұл туралы Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы басшысының міндетін атқарушы Сейтқасым Әбуов айтты.

– Қызылорда облысы бойынша биылға 5 131,3

миллион текше метр лимит белгіленіп, бірінші жартыжылдығында нақты 2 918 миллион текше метр су пайдаланылды. Оның ішінде: шаруашылық ауыз суға және өндіріс мұқтаждарына 24,6 миллион текше метр лимит белгіленіп 12 миллион текше метр су алынды. Ауыл шаруашылығына 3901,7 миллион текше метр лимит белгіленіп, 57% су алынды, экологиялық жағдайды жақсартуға 1200 миллион текше метр лимит белгіленіп, нақты 657 миллион текше метр су алынды, балық шаруашылығына 5 миллион текше метр лимит белгіленіп, нақты 2,5 миллион текше метр су алынды. Биылғы жылы инспекцияның тұрақты түрде су пайдаланушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізу, бақылау, талдау жұмыстары біршама өз нәтижесін берді деп айтуға болады, – деді Сейтқасым Әбуұлы.

Қызылорда облысында бұқаралық спортпен шұғылданушылар саны жылдан жылға ерекше қарқынмен артып келеді. Бүгінде аймақта 342 223 адам яғни халықтың 40,4 % -ы спортпен жүйелі түрде айналысады. Бұл туралы облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Бахтияр Артаев Орталық коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында баяндады.



БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТПЕН АЙНАЛЫСУШЫЛАР 40 ПАЙЫЗДАН АСТЫ

Облыста бұқаралық спортты одан әрі дамыту аясында осы жылдың I жарты жылдығында облыс көлемінде 491 спорттық іс-шара ұйымдастырылып, оған 98 мыңнан астам адам белсенді қатысқан. Жыл соңына дейін ауқымды спорттық шаралар тізімі бекітіліп, маңызды жарыстардың күнтізбесі де енгізілді.

Облыста жоғары білікті спортшылар және спорт резервін әзірлеу мақсатында басқарма қарасты 33 спорт мекемесі жұмыс істейді. Оның 21 – балалар-жасөспірімдер мектебі, 1 – мектеп-интернат-колледжі, 2 – жоғары спорт шеберлігі мектебі, 1 – олимпиадалық резерв даяр-

лау орталығы, 8 – спорт клубы бар. Сәйкесінше, спорт мектептерінде 48 спорт түрінен 670 жаттықтырушы-оқытушы 22 655 спортшыны кәсіби бағытта тәрбиелеуде. Жалпы спорт түрлері бойынша ҚР Ұлттық құрама командасына Қызылорда облысынан 585 спортшы енгізілген. Спорт саласына көрсетілген осы қолдаулардың арқасында Сыр спортшылары ҚР чемпионаттары мен кубоктарынан 118 алтын, 103 күміс, 151 қола медаль жеңіп алса, Әлем және Азия чемпионаттары мен кубоктарынан 36 алтын, 22 күміс, 42 қола еншіледі.

Осы ретте, аймақтың спорт саласын дамытуда жүйелі реформаларды сәтті жүзеге асыру

«СЫР ЖАСТАРЫ» БАҒДАРЛАМАСЫНА ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

Қызылордада «Сыр жастары» жеңілдетілген ипотекалық несие беру бағдарламасына құжат қабылдау басталды. Бағдарламаға қатысушылар бүгіннен бастап өтініш пен құжаттарын электронды түрде kezekte.kz сайтына тіркеп, «Жұмыс істейтін жастарға арналған «SyrJastary» жеңілдетілген ипотекалық несие беру» сервисінде жүзеге асыра алады.

Бұл туралы облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Каюпов мәлімдеді.

– Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың бастамасымен Қызылорда облысының жастары үшін жеңілдетілген ипотекалық несие беруге бағытталған «Сыр жастары» бағдарламасы қабылданған еді. Бағдарламаның жалпы құны 1 миллиард 700 миллион теңге, оның 1 миллиард 200 миллион теңгесі облыстық бюджеттен бюджеттік несие ретінде бөлінсе, 500 миллион теңге «Отбасы банкі» арқылы қарастырылып отыр. Былтыр бұл бағдарлама аясында 100 жас баспаналы болды. Бағдарламаға ұсыным беру 15 күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады, науқан 24 қыркүйек күні аяқталады. Одан кейін, жиналған балл саны бойынша әр санат ең көп балл жинаған қатысушылар іріктеледі,

оларға электронды жолдама беріледі. Жолдаманы алған жастар ары қарай «Отбасы банкінде» төлем қабілеттілігін растайды, содан кейін келісім-шарт рәсімделіп, үй табысталатын болады. Бағдарлама аясында табысталатын үйлер қаламыздың Сол жағалауында орналасқан, жалпы көлемі 49 және 66 шаршы метрден кем емес 2-3 бөлмелі пәтерлер болады деп күтілуде, – деді басқарма басшысы. Айта кетейік, бағдарлама бойынша сұрақтар болса, басқарманың азаматтық қоғам институттарымен жұмыс және жастар бөліміне 60-53-23 нөмірі бойынша хабарласуға болады. Сонымен бірге, облыс, қала, аудандық жастар ресурстық орталықтарында «Сыр жастары» бағдарламасы бойынша кеңес беріп,



сондай-ақ құжат ұсынуға көмек көрсетіледі. Жастардың құжат ұсынуға компьютері, интернеті

болмаса, жастар орталықтарына барып, көмек алуға болады.

500 ТОННАҒА ЖУЫҚ СЫР ДӘМІ ЕЛОРДАҒА ЖОЛ ТАРТТЫ

13-14 қыркүйек күндері Астана қаласында Қызылорда облысының тауар өндірушілерінің қатысуымен дәстүрлі ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өтеді. Осыған орай аймақтан 50 жүккөлік Елордаға аттанды. Жалпы жәрмеңкеде 60-қа жуық Сыр дихандары мен тауар өндірушілері 500 тоннаға жуық өнім түрлерін ұсынады.

Сырдың брендіне айналған ақ күріші, балығы мен ас тұзы, қауын мен қарбызы, ұлттық сусындары жәрмеңкенің көркі болмақ. Сонымен қатар елордалықтарға ерекше көңіл-күй сыйлау үшін Сыр елі өнерпаздарының қатысуымен мәдени-танымдық концерттік бағдарлама өтеді.

– Біздің ұсынып отырған бағаларымыз нарық бағасынан 15-20%-ға төмен болады.

Бұл енді елорда тұрғындары үшін де, біздің тауар өндірушілер үшін де тиімді шара



болмақ. Шаруашылықтар бұл шараға қуана қатысып жатыр. Айта кету керек, 2025 жылы облыс бойынша 189,6 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары орналастырылды. Оның ішінде дәнді дақылдар 92,9 мың гектар, майлы дақылдар 5,7 мың гектар, мал азықтық дақылдар 73,3 мың гектар, картоп, көкөніс, бақша 17,4 мың гектар. Үкіметпен бекітілген Жол картасына сәйкес ағымдағы жылы 80,9 мың гектар жерге күріш дақылғы егілді. Шаруашылықтар егін жинау жұмыстарына қажетті ауыл шаруашылығы техникалармен, жанар-жағармаймен, минералды тыңайтқыштармен толық қамтамасыз етілді, – деді облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев.



ЖАСТАР – ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫ

1-бетте

ЖАСТАР НЕГЕ САЯСАТҚА СЕЛҚОС ҚАРАЙДЫ?

Қазақ жастарының көбі саясатқа келгенде «құмға сіңген судай» жоғалып кетеді. Неге? Себебі олар үшін саясат – қол жетпес қамал секілді. Қағазға тұншыққан баяндамалар, бір сарынды жиналыстар мен ұзақ сөздер... Сырттай қарағанда саясат жас буынға тартымды емес, керісінше шаршататын ресми рәсімдерден тұратын тұмшалы дүние болып көрінеді.

Тағы бір себеп – жастардың сөзін тыңдамау. Ойы мен ұсынысы ескерілмеген жерде олар өздерін артық сезінеді. Осындайда жас буын қоғамнан алыстап, «біздің пікірімізді бәрібір ешкім тыңдамайды» деген ой қалыптасады. Кейбірінің «үнін» өзіміз өшіретініміз тағы бар...

Бұл мәселе төңірегінде Қызылорда облыстық мәслихат депутаты, «Ауыл» партиясының облыстық филиалының төрағасы Садық Мұстафамен байланысқан едік. Ол жастардың саясаттан неліктен қашатындығы туралы



ойымен бөлісіп, нендей дүниелерге басымдық берген дұрыс екенін айтып берді.

– Жалпы «нақты саясат» деген ұғым жоқ. Саясат – жастарға қажет, олар оны біледі, түсінеді және онымен айналысады. Бірақ біздің аға буынның көзқарасы кеңестік дәуірден қалған түсінікке жақын. Ол кезде халық партияның айтқанын бұлжытпай орындады. Ал қазіргі жастар олай емес, олар сауатты, ізденімпаз, бірақ саясатқа тек қажет болса ғана араласады, – дейді ол.

Депутаттың айтуынша, жастардың саясатқа деген қызығушылығын әділетсіздік жояды. Халық сеніміне кіріп, кейін сол сенімді таптаған шенеуніктердің қылығы жастардың көзқарасына көлеңке түсіреді. «Сүттен ақ, судан таза» образдары арыстанның үлгісіндей болып көрінген шенділердің артынша жаза аркалағанын тамашалау олардың саясатқа деген сеніміне сызат түсіреді.

– Жастардың барлығы саясатқа кіріп, оны өмірлік кәсібіне айналдыруы міндет емес. Әркім өз қабілеті мен қызығушылығына қарай ғылым, өнер, спорт, кәсіпкерлікке бет бұрады. Сол жол бойынша елге еңбек стуге тырысу – міне, осы дұрыс таңдау. Саясат – мүмкіндік, бірақ міндет емес, – дейді Садық Шонмұрынұлы.

Саясатқа қызығушылар аз болғанымен, жастардың бәрін бірдей осы салаға тарту қажет пе деген де сауал жиі туындайды.

– Балаға мектепте де, үйде де тым ерте саясаттың ауыр жүгін жүктеудің қажеті жоқ. Оның басты міндеті – білім алу. Сол білімнің арқасында арманын жүзеге асырып, өз жолын тапсын. Ал саясатқа араласу – саналы кезеңде шешілетін дүние. Әр жас елге деген сүйіспеншілігін сөзбен емес, іспен дәлелдеуі тиіс. «Елім дейтін ер болмаса, ерім дейтін ел қайдан шығарды?» деген насылдан төркіні де осы, – дейді мәслихат депутаты.

Осылайша, жастардың саясаттан бойын аулақ салуының бірнеше себебін анықтап алдық: күрделілік, әділетсіздік



және сенімсіздік. Олар мүлде қызықпайды дегенді білдірмейді, керісінше, қажет кезінде ой қосып, іске араласады. Бірақ «сенімсіз қоғамға» сенімсіз көзқараспен қарайтынын айқындайды.

ЖАСТАРДЫ САЯСАТҚА ТАРТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Жастарды саясатқа қызықтыру үшін заманға сай әдістер қажет. Әлеуметтік желідегі қысқа бейнероликтер, подкасттар, интерактивті тренингтер арқылы саясатты жеңіл әрі тартымды етіп жеткізуге болады. Мәселен, пікірталас клубтары, симуляциялық парламент отырыстары ұйымдастырылса, олардың ойлау қабілеті дамып, саяси мәдениеті қалыптасады.

– Жыл сайын қоғамдық жұмысқа белсенді араласатын жастардың саны артып келеді. Әлеуметтік желілерде көшбасшылардың ықпалымен саясатқа қызығушылық трендке айнала бастады. Нәтижесінде жастар түрлі ұйымға кіріп, өз пікірін ашық айтуға бейімделуде. Мемлекет тарапынан да мектептегі өзін-өзі басқару ұйымдары, дебат қозғалыстары, студенттік клубтар жастарды қоғамдық өмірге тартуға ықпал етіп отыр. «Таза Қазақстан» сияқты бастамалар азаматтық белсенділікті арттыруға жол ашады, – дейді жастар саясаты саласының сарапшысы, профориентолог Жасұлан Куандық.

Жастардың саяси белсенділігін арттыруда ұйымдардың атқаратын рөлі зор. Солардың ішінде «AMANA-T» партиясы жанындағы «Жастар рухы» Жастар қанаты ерекше орын алады. Осы орайда «Жастар рухы» жастар қанаты Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Өсетхан Баймұрзада жастар саясатына байланысты тың жаңалықтармен бөлісті.

– «Жастар рухы» қатарында облыс бойынша екі мыңнан астам жас қызмет атқарады. 7 аудандық, 2 қалалық филиал жұмыс істейді. Өңірдегі барлық ЖОО-лар мен колледждерде бөлімшелер ашылып, жастардың белсенділігі артып келеді.

Біз есірткіге, вандализмге қарсы акциялар, «Қауіпсіз қоғам – қауіпсіз қала» жобасы, IT-сайыстар ұйымдастырдық. Еріктілер қозғалысы да ерекше серпінге ие болды. Мәселен, 500-ге жуық ардагерге тегін көмек көрсетілді.

Қазір мүмкіндігі шектеулі жастарға арналған «Мета ғалам – инклюзия» жобасы жүзеге асырылып жатыр. Бұған қоса, жастар лагерлері мен «Жас көшбасшылар мектебі» жобасы ел көлемінде ұйымдастырылуда. Аталған жобалар бойынша жастар тек білім алып қана қоймай, сертификатқа ие болады және осы берілген сертификат аясында жұмысқа тұруға мүмкіндік алады, – дейді Өсетхан Қазиханұлы.

Оның айтуынша, жастарды қолдау тек саясатпен шектелмейді.

– Облыс әкімдігінің қолдауымен «Сыр жастары» ипотекалық

бағдарламасы іске асуда. Бұл жас отбасыларға баспана алуға жол



ашты. Сондай-ақ қайтарымсыз гранттар, оның ішінде ауыл жастарына арналған «Ауыл аманаты» жобасы арқылы кәсіп ашуға мүмкіндік берілуде. Бұл – жастардың әлеуметтік тұрғыдан да, саяси тұрғыдан да белсенділігін арттыратын маңызды қадам, – дейді ол.

Осы турасында «AMANAT» партиясы жанынан құрылған «Жастар рухы» Жастар қанатының мүшесі, студент Үміт Тасмағамбетова жастар саясатының маңыздылығы мен ұйымның жас буынға беретін мүмкіндіктері жайлы ойымен бөлісті.

– Бүгінгі қоғамда жастардың орнын айқындайтын, олардың бастамаларына серпін беретін ұйымдардың рөлі ерекше. Солардың бірі – «AMANAT» партиясы жанындағы «Жастар рухы» Жастар қанаты. Көпшілігімізге бұл ұйым бұрынғы «Жас Отан» атауымен таныс. Қай кезеңде болмасын, ол жастардың үнін жеткізетін, олардың мүддесін қорғайтын белсенді орта екені бәрімізге белгілі.

Ұйымның басты мақсаты – жастардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, әлеуметтік белсенділігін арттыру, патриоттық тәрбие беру, еріктілік қозғалысты дамыту және мемлекеттік саясатқа жастарды кеңінен тарту.

Мен «Жастар рухы» қатарына

2022 жылы қосылдым. Содан бері ұйым аясында түрлі қоғамдық жобаларға қатысып келемін. Волонтерлік бастамалар, экологиялық акциялар, білім беру және мәдени шаралар – барлығы жастардың ой-өрісін кеңейтіп, қоғамға пайдасын тигізуге бағытталған. Ұйымның филиалдары еліміздің жоғары оқу орындарында, колледждерінде және өңірлерінде жұмыс істеп, әрбір жастың белсенділігін арттыруға ықпал етіп отыр.

«Жастар рухы» тек қоғамдық қызметпен шектелмей, спорттық, шығармашылық және кәсіпкерлік жобаларға да қолдау көрсетеді. «Жастарды біріктіріп, ел дамуына үлес қосу» деген ұран бұл ұйымның бағытын айқын көрсетеді.

Мен үшін ең есте қалғаны – ұйым аясында еліміздегі маңызды саяси науқандарға қатысуым



болды. Президент сайлауы, облыс әкімі сайлауы, АЭС салу жөніндегі Референдум секілді маңызды іс-шаралар кезінде жастар белсенділік танытып, елдік мәселелерге бейжай қарамайтынын дәлелдеді.

«Жастар рухы» – еркін ойды ашық айтуға мүмкіндік беретін, тың идеяларды жүзеге асыратын, өнер мен ғылымға, арман мен мақсатқа жол ашатын ерекше орта. Мұнда әрбір жас өзіне сенімді болып, жаңа достар тауып, қоғамға пайдалы болудың жолын табады.

Жастардың күші – елдің болашағы. Ал сол күшті дұрыс

арнаға бұратын ұйымның бірі осы «Жастар рухы» деп ойлаймын, – дейді ол.

ЖАСТАР ӘЛЕУЕТІ

Жастардың әлеуетін бағалағанда олардың тек саяси сауаттылығы емес, кәсіби дамуға деген ынтасы да назар аудартады. Бүгінде жастар IT саласын, жасанды интеллектіні, көп тілді меңгеруді мақсат етеді. Бұл – олардың жаһандық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті бола алатынының дәлелі.

Мемлекеттік жастар саясаты осы әлеуетті дамытуға бағытталған. Білім гранттарының көбеюі, халықаралық университет филиалдарының ашылуы жастарға сапалы білім алуға мүмкіндік беріп отыр. «Менің алғашқы жұмыс орным», «Жастар тәжірибесі» бағдарламалары еңбек жолын сенімді бастауға жол ашуда.

Еңбек нарығында сұранысқа ие IT, медицина, педагогика салаларына жастардың қызығушылығы артып келеді. Әсіресе үздік тұлғалардың педагогикалық мамандықты таңдауы – білім саласының мәртебесінің қайта өсіп келе жатқанын көрсетеді.

Дегенмен бәрі оңай емес. Кейбір жастар мамандықты жүрек қалауымен емес, «атақ пен жалақыға» қарап таңдайды немесе ата-анасының ықпалымен қаламаған саласына оқуға түсуге мәжбүр. Мұндай жағдайда кейін өкінішке тап болу мүмкіндігі жоғары. Сондықтан мектеп қабырғасынан бастап кәсіби бағдар беру жүйесін күшейту ауадай қажет. Әр оқушы өз бейімін ерте анықтап, дұрыс бағытта дамуға мүмкіндік алса, елдің кадрлық әлеуеті де әлдеқайда сапалы болмақ.

ЕЛ БОЛАШАҒЫ – ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

Жастардың саясатқа араласуы – елдің тұрақтылығы мен дамуының кепілі. Егер жас буын бейжай болса, қоғамда тоқырау туындайды. Осындайда белсенді жастар ел мүддесін қорғап, жаңа бастамалар көтере алады.

Бірақ бір жайт анық: саясат – мүмкіндік, бірақ міндет емес. Әр жас өз орнын тауып, адал еңбекпен қоғамға үлес қосса – соның өзі елдің ең үлкен жетістігі. Біреу саясатпен айналысса, біреу ғылымды дамытады, енді бірі әлеуметтік жобаларды жүзеге асырады. Жастар қай салада жүрсе де, жауапкершілікті қатар алуға бейімделсе, еліміздің болашағы сенімді болары хақ.

Нұршат НЫШАНОВА



КӨПТІ ҚУАНТҚАН «ҚАМҚОРЛЫҚ» ОРТАЛЫҒЫ



Сыр медицина-сындағы жақсы жаңалықтың бірі Арал қаласында «Қамқорлық» оналту орталығының ашылуы болды.

Жаңа орталық жыл сайын Арал қаласы мен жақын маңдағы ауылдық елді мекендерден 600-ге жуық

Бүгінде орталықта 17 қызметкер еңбек етеді. Мұнда әрбір балаға жеке тәсіл негізінде аурудың ерекшеліктерін ескере отырып, оналтудың жеке бағдарламасы әзірленеді. Қалпына келтіру процесінде қозғалыс дағдыларын дамытуға арналған заманауи технологиялар мен арнайы техникалық құралдар, тренажерлар,

Сондай-ақ мұнда пациенттердің денсаулығын жақсартуға бағытталған арнайы бөлмелер жабдықталған.

Шунгит және тұзды бөлме – тыныс алу жолдарын жақсартуға және иммундық жүйені нығайтуға арналған.

Интерактивті және сенсорлық бөлме когнитивтік және эмоционалдық дамуға ықпал ету үшін арнайы жабдықталған.

Бальнеотерапия бөлмелерінде су арқылы емдеу қызметтері ұсынылады. Емдік дене шынықтыру (ЛФК) бөлмелері физикалық белсенділікті қалпына келтіру және дамытуға арналған.

Эрготерапия бөлмесі күнделікті өмір дағдыларын дамыту мен қол моторикасын жақсартуға бағытталған.

Физиотерапия бөлмесі әртүрлі физиотерапиялық процедуралар өткізуге арналған.

Ал механотерапия бөлмесінде арнайы құралдар арқылы қимыл-қозғалыс белсенділігін қалпына келтіру жүргізіледі.

Логопед және дефектолог бөлмелерінде сөйлеу қабілетін дамыту және түзету бойынша мамандандырылған қызметтер көрсетіледі.

Айта кету керек, бұған дейін қордың қолдауымен Қызылорда қаласы мен Жаңақорған ауданында «Қамқорлық» оналту орталығы ашылған еді.



баланы қабылдауға мүмкіндік береді, оларға 21 күндік тегін оналту курсы ұсынады. Орталық Арал көпбейінді орталық аудандық аурухана базасында ашылды.

Медициналық нысанда қандай қызметтер көрсетіледі, қандай мамандармен қамтылған? Мұны білмек үшін бөлім меңгерушісі Мөлдір Жолмырзаева хабарластық.

– Жылдан жылға республикалық деңгейдегі оналту орталықтарында ем алғысы келетін балалардың саны артып келеді. Осы тұрғыда «Қазақстан халқына» қорымен қаржыландырылатын мүгедек балаларға арналған оналту орталықтарының санын көбейту шеңберінде Арал ауданында жылына 600 балаға арналған 20 төсек-орындық ауданаралық балаларды оналту орталығы ашылды.

Орталықта 2-3 кезеңнен тұратын оналту шаралары жүргізіледі. Қажетті мамандарды даярлау Астана қаласындағы Ұлттық балаларды оналту орталығында, «Жаңақорған көпбейінді орталық аудандық ауруханасы» ШЖК МКК базасында «Қамқорлық» оналту орталығында жүргізілді. Осы кезге дейін реабилитолог, дефектолог, логопед, эрготерапевт, механотерапевт, психолог және 10 емдеу-шынықтыру нұсқаушысы кәсіби біліктілігін жетілдірді, – деді Мөлдір Жолмырзаева.

медициналық аппараттар және аппараттық бағдарламалық кешендер пайдаланылады. «Қамқорлық» оналту орталығында бірнеше бағыт бойынша медициналық оналту шаралары жүргізіледі. Атап айтсақ, церебральды сал ауруы және тірек-қимыл аппараты бұзылыстары кезінде жүріп-тұру және қимыл-қозғалыс функцияларын қалпына келтіру, травматологиялық, неврологиялық, нейрохирургиялық және кардиохирургиялық аурулардан кейінгі оналту терапиясы өткізіледі.



МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМДАРҒА ТІРКЕЛУ НАУҚАНЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

1 қыркүйектен бастап медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына жеке тұлғаларды бекіту науқаны басталды. Екі ай көлемінде жүргізілетін науқан 1 қарашада аяқталады.

Айта кету керек, емхананы тандағанда қолжетімділікті ескеру керек. Яғни емханаңыз үйден 15-20 минут уақытта жаяу жететін жерде орналасқаны жөн. Ал тіркелу екі әдіс арқылы жүргізіледі. Біріншісі, www.egov.kz сайты арқылы барлық азаматтарға арналса, екінші әдіс халықтың жекелеген санаттарына ғана арналады. Бұл туралы облыстық денсаулық



сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жаңыл Абубакирова айтты.

– Алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымы жеке тұлғаларға өз бетінше жүгінген кезде немесе «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы мемлекеттік қызметтерді көрсетеді. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін

жазбаша нысанда тікелей өтінішті зейнеткерлер, мүгедектер, бала кезінен мүгедек баланың заңды өкілдері, сондай-ақ қорғаншылары немесе қамқоршылары, патронат тәрбиешілері және оларды алмастыратын, заңнамаға сәйкес баланы күтуді, оқытуды, тәрбиелеуді, құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын басқа да адамдар бере алады. Науқан арқылы тіркелген тұрғындарға жаңа емхана медициналық көмекті келесі жылдың 1 қаңтарынан бастап көрсетеді. Тұрғындарға емхананы науқаннан тыс та ауыстыруға болады: жылына бір рет еркін таңдау құқығымен, сондай-ақ тұрғылықты жерін, жұмысын, оқуын өзгерткенде немесе бұрынғы емхана жабылған жағдайда, – деді Жаңыл Исақызы.

Бетті дайындаған:
А.НҰРТАЙҚЫЗЫ

Спортта жеңіске жетелейтін жаттықтырушының маңызы өте зор. Сол жолда бағыт-бағдар беріп, спортшының әр қадамын бақылап, шыңдала түсуіне үлес қосатын тұлға – бапкер. Шәкірттерінің бойындағы қабілетті дер кезінде танып, үздік нәтиже көрсетуіне барын салатын жаттықтырушының бірі – Нұрбол Тәжібаев. Бүгінде ол №2 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығында дене шынықтыру мұғалімі болып еңбек етеді. Бүгінде оның шәкірттері жарыстарда жеңімпаз атанып, биіктерді бағындыруда.

Жігерлі спортшылар — жеңіс тұғырында



– «Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға» демекші, дарынды спортшыларды тауып, оларды жарысқа дайындау мені ерекше қуантады. Өзім бірнеше спорт түрі бойынша шәкірттеріме бағыт-бағдар беремін. Жалпы біздің орталығымыздың қызмет алушылары спортқа біртабан жақын, соның нәтижесінде қалалық, облыстық және рес-публикалық деңгейдегі спорттық сайыстарда же-ңіс тұғырынан көрінуіміз. Орталығымыздың қызмет алушылары ерекше жандар арасында өткен спорттық сайыс-тарда, атап айтқанда шахмат, дөйбы, тоғыз-құмалақ, волейбол, баскетбол, дартс ойындарынанжүлделі орындарды иеленді.



Бүгінде орталық заманауи спорттық тренажорларымен жабдықталған. Алғаш рет Түркістан қаласында Қызылорда-Түркістан үстел теннисі бойынша жолдастық кездесу ұйымдастырылып, біздің спортшыларымыз жүлделі І орынды иеленіп қайтты, – деді Нұрбол Ғалымұлы.

Жеңісті жол мұнан кейін де жалғасты. 2024 жылы Алматы қаласында алғаш рет «Seni cup» компаниясының ұйымдастыруымен өткен халықаралық шағын футбол турнирінде орталықтың қызмет алушылары жүлделі І орынмен марапатталды. Ал мұнан кейін Астана қаласында «Seni cup» компаниясы ұйымдастырған республикалық турнирде ІІІ орын еншіледі.

Маусым айының аяғында орталықтың мақтанышы Марат Агибаев қызылордалық командалардың ішінен топ жарып шығып, алғаш рет Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласында ұйымдастырылған республикалық турнирде мүгедектігі бар жандар арасында үстел теннис спорт түрі бойынша жүлделі І орын алып, облыстың атын шығарды.

Орталықтағы спортшы жастардың мұндай белестерді бағындыруы үздіксіз еңбек пен ізденістің нәтижесі. Ерік-жігерін шыңдап, мақсатқа ұмтылған спортшылардың алда талай жеңіске қол жеткізетіні анық.



Отбасы – мемлекеттің берік дінгегі, әр адамның рухани тірегі. Сондықтан бұл мерекенің мәні – отбасы құндылықтарын дәріптеу, ұрпаққа сыйластық пен сүйіспеншілікті үйрету. Осынау мереке аясында шағын Отан саналатын отбасы құндылығы тақырыбында ой саралап, көптің көкейінде жүрген сауалдарға жауап іздеп көрдік.

Әйел – ана, әйел - жар

Айта-айта Алтайды, Жамал апам қартайды демекші, отбасы тақырыбын қозғағанда тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесін айналып өте алмаймыз. Сан айналып соқсаң да таусылмайтын тақырыпқа айналған мәселені әркім өз әлімше айтып та, жазып та келеді. Бірақ нәтижесі бар ма?..

Ертеде Шыңғыс ханнан «арманыңыз қандай?» деп сұрағанда, Шыңғыс хан «Төбесіне бір тостак алтын көтерген «ай десе аузы, күн десе көзі бар» хас сұлу мына кең байтақ даланың шығысынан батысына, оңтүстігінен солтүстігіне дейін емін-еркін, еш қауіпсіз жүріп өте алса, басқа арманым жоқ» деген екен. Біз ол күнге жете аламыз ба?.. Шындығы осы, бүгінде бізде әйел затының бүтін бір мемлекет ішіндегі қауіпсіздігінен бұрын, шағын ғана шаңырақ астындағы жағдайының өзі тәуекелге толы. 2024 жылдың қорытындысы бойынша, құқық қорғау органдарына отбасындағы зорлық-зомбылыққа қатысты шамамен 100 мыңға жуық шағым түскен. Полиция оның 72 мыңына қорғау нұсқамасын шығарған, ал 16 мың іс бойынша сот шешімі қабылданған.

Сонымен қатар өткен жылы дағдарыс орталықтарына 5,5 мың әйел жүгінген, олардың 3,7 мыңы – балаларымен бірге орналасқан.



ОТБАСЫ ЖАРАСЫМЫ ЗАНДА МА, СҮЙІСПЕНШІЛІКТЕ МЕ?

Айта кету керек, бұл – ресми статистика ғана. Көп жағдайда жәбір көргендер полицияға шағымданбайды, ал сотқа дейін жетуі тіпті сирек. Сондықтан шынайы көрсеткіш бұдан әлдеқайда жоғары болуы бек мүмкін.

Қазақ қоғамында әлі күнге дейін «отбасының ішкі жағдайына араласуға болмайды» деген түсінік бар. Көп жағдайда әйелдер «ұят болады», «ел не дейді» деп үндемей қояды. Бірақ үнсіздік – зорлық-зомбылықты тоқтатпайды, керісінше, одан әрі өршіте түседі.

2009 жылы «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» заң қабылданды. Алайда құқық қорғаушылардың айтуынша, оның тиімділігі төмен болды. Себебі көп жағдайда жәбірленушілер полицияға арызданғанымен, іс татуласумен жабылып отырды.

Ішкі істер министрлігінің деректеріне сүйенсек, жыл сайын Қазақстанда мыңдаған әйел тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны болады. Зерттеулер әрбір үшінші әйелдің өмірінде бір

рет болса да отбасында күш көрсетуге тап болғанын көрсетеді.

2024 жылы мемлекет бұл мәселені қайта қарады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы заңға өзгерістер енгізіп, жазаны қатаңдатты. Енді отбасындағы күш қолдану тек әкімшілік емес, қылмыстық жауапкершілікке әкеледі. Бұл кадам – зорлық-зомбылықпен күрестегі маңызды алға жылжу.

Кейінгі жылдары белсенді азаматтық қоғам мен БАҚ-тың арқасында бұл тақырып жиі қозғалып жүр. Әлеуметтік желілерде отбасындағы зорлық-зомбылықты ашық айту үрдісі қалыптасып келеді. Бұл – оң өзгерістің белгісі.

Зорлық-зомбылықпен күрес тек қатаң заңмен шектелмеуі керек. Ол үшін қоғамда зорлық-зомбылықты ақтап алатын көзқарастарды түбегейлі жою қажет. Сондай-ақ дағдарыс орталықтарының санын көбейтіп, жәбірленушілерге құқықтық және психологиялық қолдауды қолжетімді ету керек.

Отбасындағы зорлық-зомбылық – жеке адамның ғана емес, тұтас ұрпақтың тағдырына әсер ететін мәселе. Мұндай әрбір іс-әрекет – бір баланың санасында қалатын мәңгілік жара, бір ананың үзілген арманы. Сондықтан бұл мәселеге бейжай қарауға болмайды.

Әкесін сыйламаған кісіні баласы сыйламайды

Қазақ халқы әуелден «әкенің жақындығы жездедей-ақ» деп ата-ана мен бала қарым-қатынасында анамен салыстырмалы түрде алғанда әкенің салқындығын меңзесе, енді бір нақылында «алты аға бірігіп әкендей болмас» деп орнын ешкім баса алмайтынын санаға құяды. Бүгінде осынау қасиетті ұғымды

белгісіз. Дәрігерлердің мәліметінше, жетпіске таяған зейнеткер соңғы екі жылда қан қысымы мен омыртқа ауруына байланысты төсек тартып жатқан. Дегенмен мүгедектікке тіркелмеген. Көпшіліктің жағасын ұстатқан кадрлардан соң күдікті азамат уақытша ұстау изоляторына қамалды. Куәгер бола тұра тиісті орындарға хабар бермегені үшін әйелі де тергеуде жауап беріп шықты, әзірге бостандықта.

Қадым заманнан «әке-шешен жынды болса байлап бак» деген қазақ едік. Алайда қазіргі қазақ қоғамындағы өзгерістер әкенің қадір-қасиетіне де әсерін беріп тұрған сыңайлы. Урбанизация, күнделікті тұрмыс қамы, жұмысбастылық сияқты факторлар әкенің отбасы өміріндегі орнын айтарлықтай өзгертті. Әсіресе қала өмірінде баламен уақыт өткізу, рухани тәрбие беру мәселесі назардан тыс қалып жатады. Кейде әке тек материалдық қамтамасыз етуші ретінде ғана қабылданып, оның рухани ықпалы әлсіреп бара жатқанын байқамаймыз.

Сонымен қатар кейінгі жылдары ажырасу деңгейінің күрт өсуі, әкенің отбасынан алыстап кетуі секілді әлеуметтік мәселелер де жиі айтылып жүр. Бұл құбылыс балалардың әке мейірімін сезінбей өсуіне, қоғамдағы әке рөлінің бәсеңдеуіне әкеліп соғатыны хак.

Мәжіліс депутаты Аманжол Әлтай әйелдердің ғана емес, ер-азаматтар мен ата-аналардың да құқығын қорғаудың маңызын айтты.

– Қазақ халқы – анасын ардақтап, аруын аялап, ата-анаға құрметпен қараған халық. Отбасы – өте күрделі институт. Өкінішке қарай, бүгінде қоғамда түрлі келенсіз оқиғалар жиілеп кетті. Әйел еркектен қысым көретін жағдайлармен қатар, ерлер де әйелдерден жөбір шегіп отыр. Қартайған шағында өз балаларынан қысым көріп отырған ата-

сақтау жолындағы маңызды кадам. Қазіргі қазақ қоғамында әкенің қадір-қасиеті дәстүрлі танымда жоғары деңгейде сақталғанымен, оны шынайы өмірде бағалау мен жүзеге асыруда қайшылықтар жоқ емес. Әке – тек отбасының асыраушысы емес, ең алдымен рухани тірегі екенін түсінгенде шаңырағымыз шайқалмас еді.

Баланы ақырып үйретпе, ақырын үйрет

Қазақстанда бала құқығын қорғауға бағытталған заңнама күшейтілді. Осы айдың ортасынан, дәлірек айтсақ, 16 қыркүйектен бастап күшіне енген өзгерістерге сәйкес, баласын ұрып-соққан ата-ана немесе заңды өкіл үш жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Бұл бастама қоғамда қызу пікірталас тудырып отыр.

Осыған дейін Қылмыстық кодекстің 140-бабында баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін орындамаған ата-анаға әкімшілік жаза қолданылатын. Көп жағдайда айыппұл салу немесе қысқа мерзімге қамауға алу шаралары жеткілікті деп есептелді.

Алайда мұндай жазалар балаларға қарсы зорлық-зомбылықтың алдын алуға жеткіліксіз болғанын тәжірибе көрсетті.

Мәселен, Павлодарда туған қызын ұрған әке әкімшілік іс бойынша тек қорғау ұйғарымымен шектелген. Бұл жағдай жұртшылықтың наразылығын туғызып, «бала құқығы жеткілікті қорғалмай отыр» деген сын айтылған еді.

Жаңа ереже бойынша 1000 АЕК (2025 жылы – 3,9 млн теңге) көлемінде айыппұл, 600 сағатқа дейін қоғамдық жұмыс, қатыгездік үшін 2 жылға дейін бас бостандығынан айыру немесе бірнеше балаға қатысты әрекет болса – 3 жылға дейін түрмеге қамау қарастырылған.

Бұл қатаңдату тек ата-аналарға ғана емес, педагогтар мен балаға жауапты өзге де қызметкерлерге қатысты. Яғни баланы ұрған тәрбиеші немесе мұғалім де қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

– Балаға қол көтеру – тәрбиенің бір түрі емес, керісінше оның психикасына ауыр жарақат салады. Балалық шақта көрген зорлықтың салдары өмір бойы із қалдырады. Қатаң жаза – ата-аналарды жауапкершілікке шақыратын маңызды кадам, – дейді психолог Айман Жұмабекова.

Ал құқық қорғаушы Ержан Қаппаров болса заңның тиімділігі алдын алу шараларына байланысты екенін айтады:

– Жаза қатаңдатылды, бірақ басты мақсат – түрмеге тоғыту емес, осындай жағдайдың алдын алу. Сондықтан заңмен қатар, ата-аналарға арналған психологиялық көмек жұмыстарын күшейту қажет, – дейді ол.

Әлеуметтік желілерде пікір екіге бөлінді. Бір топ ата-аналар заңды қолдап, «бала құқығын қорғау – мемлекет міндеті» деп санайды. Ал енді бірі «түрмемен қорқыту мәселені шешпейді, отбасыларды бұзады» деген пікірде. Кейбіреулер «Әке-шешенің қаталдығы бізді адам қылды, ал қазір әр ұрғаны үшін түрмеге отырғызса, ұрпақ әлжуаз болып кетпей ме?»

десе, енді бірі «Балаға қол көтермей-ақ тәрбие беруге болады, бұл заң керісінше ата-ананы жауапкершілікке үйретеді» деп жазып жатыр.

Айта кетейік, дамыған елдердің көбінде баланы ұруға қатаң тыйым салынған. Мәселен, Швецияда 1979 жылдан бері кез келген дене жазасы қылмыс болып есептеледі. Францияда 2019 жылы арнайы заң қабылданып, ата-аналардың балаға қол көтеруіне заңды түрде тыйым салынған. Қазақстандағы өзгерістер де осы халықаралық үрдіске сай келіп отыр.

Жаңа заң қоғамдағы бала құқығын қорғау деңгейін арттыруға бағытталған. Дегенмен жазаны қатаңдату – мәселенің бір жағы ғана. Сарапшылардың пікірінше, бұл заңның шынайы тиімділігі ата-ана мен балаға психологиялық қолдау көрсетумен және отбасылық құндылықтарды нығайтумен өлшенбек.

Аружан ОРАЛБАЙ

«Сәлеметсің бе, замандас!»

Басы 1-бетте

– «Сәлеметсің бе, замандас?!»

Менің, мүмкін 90-жылдардың ар жақ, бер жағы мектеп қабырғасында жүрген біраз бозбала мен бойжеткеннің ақпарат әлеміне, журналистикаға деген махаббатын оятқан осы үкі дауыс еді....

шығып, өз даусындай жағымдылықпен, нәзіктігімен көптің ықылас-пейіліне бөленіп жүрген Сауық апа Жақановаға бұйырған бақ десек, артық емес-ау.

Жасырын емес, кейбір мәжбүрлеп апарып, залға адам толтыру үшін баратын кездесулер болады. Ал бұл кездесу – сусап кездесу, махаббатпен кездесу, өзін көрмегенсің,

журналистика саласының дамуына елеулі үлес қосқан бір топ азаматты мемлекеттік наградалармен марапаттаған кез есімізде. Солардың қатарында болған Сауық Жақанованың Тоқаев кеудесіне медаль тағып, гүл сыйлаған соң журналистердің бәрі президентпен суретке түсіп жатқанын көрдік. Кезек Сауық Жақановаға келгенде, диктор марапаты мен гүлін

Қасым-Жомарт Тоқаев туралы эксклюзив бейнематериалдар ұсынатын президенттің теле-радиокешені Ақордада болған осы сәттің видеосын әлеуметтік желіге жүктеді. Қазір Сауық Жақанованың бұл видеосы 130 мыңнан астам қаралым жинап үлгеріпті. Тіпті Сауық апаның бұл қарапайым әрекетін он орап алатын кадр-қасиеттерінің, алтын қордағы алтын даусының бірін де білмейтін, десе де «Tik Tok» десе, алдындағы асынан бас тартуға бар жасөспірім балалар осы видеодан соң, әйгілі Жақанова атымен таныс болғаны бар. Ал видеоның астындағы пікірлер аты аңызға айналған Сауық Жақанованың шынайы әрекетіне тамсанып, оған ұзақ ғұмыр тіледі. Көптің тілегі – қабыл, мұраты – асыл.

Қазақ радиосының сандұғашы Сауық Жақанова Қарағанды даласында дүниеге келіп, студенттік бал кездерін Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінде өткізді. Қазақ радиосында диктор, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының сахналық сөйлеу пәнінің дәріскері, Қазақтың әл-Фараби атындағы ұлттық университетінің журналистика факультетінде оқытушылық етті. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арнап «Сөйлеу техникасы», «Жүргізушінің сөйлеу мәдениеті» жинақтарын жазды. «Құрмет белгісі», «Парасат» орденінің иегері. Қазақ радиосының «Алтын қорындағы» әдеби-сазды хабарлардың 80%-ы оның даусымен жазылған.

Ардагер диктор бұл жолғы сапарын Жаңа-қорған ауданы, «Қожакент» ауылының іргетасын қалаушылардың бірі, ауылшаруашылық саласының ардагері Амантай Шеруатов пен оның жары, Батыр ана, қажы Ұлданай Әбдікерімқызына арналған асқа қатысуға арнады. Ол бұл сапарында марқұмдарға арналған «Ұмытылмас із, өшпес өнеге» атты естелік кітаптың тұсаукесер рәсіміне қатысып, дәмдес, сырлас болған Ұлданай қажы жайлы естеліктерімен бөлісті. Сауық Жақанова бұл сапарын Сыр өңірінен шыққан ардақты жандарға деген тағым мен шынайы құрмет деп санайды.Бүгін міне, сол құрметті жандардың қызы, Сауық апайдың алдында дипломдық жұмысын қорғаған шәкірті, радиожурналист, кеше ғана шыққан Сауық апа жайлы «Сахара сандұғашы» кітабының құрастырушысы Жазира Амантайқызы апаймен бірге жүр. Тағы бір қуана хабарлайтын жайт, бір кездері, неше жылдар бойы осы Жазира радиода «Алыстағы ағайын» хабарын жүргізіп, әр мемлекеттегі, шетелдердегі қазақтармен байланысуға сеп болғанын білеміз. Сол кездері Германиядағы қазақтардың туған жерімен табысуына мұрындық болған Абдухайым аға Кесежи «Еуропа қазақтары федерациясын» құрған. Саяси ғылымдар докторы, «Азаттық радиосында» ең алғаш қызмет еткендердің бірегейі Кесежи мырза да Жазираның отбасымен туғанындай араласып, өз жанұясымен ортамызға келді.

Иә, бұл кездесу – сол бір балалық шақты ансаудан туған кездесу, Сауықтай сахара сандұғашын сағынып кездесу.

Сауық апа «Мен – кішкентай адаммын» дегенді жиі айтады. Тым қарапайым. «Бар мақтау, бар мадақ – бір Хаққа!» деп білетін апаның біз өз кезегімізде тек үлкенге де, кішіге де құрметін, қазақ руханиятына қосқан үлесін бізге берілген аз уақытта жеткізгіміз келді. Сол құрметке ие болдық, шүкір!

Халық жүрегіндегі сөзді халыққа жеткізген асыл кісінің деніне саулық, отбасы, жан-жағына амандық, ұзақ ғұмыр тіледік!

Асыл ҚОЖАБАЙҚЫЗЫ,

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі



Таң. Мектепке бару үшін таң алауегімде оянамыз. Бойымызға қарап, өзімізше, әл-қадірімізше ойымызды түзеп жүрген кезіміз. Айна алдында көп тұрамыз. Кітабымызды жинап, киімімізді киіп, өзінді телміріп есік алдында күтіп тұрған көрші сыныптастарына бет алып, далаға шығар сәт. Сол кезде бағанадан әдемі әуен ойнап жатқан радиодан жағымды дауыс: «Сәлеметсің бе, замандас?!» деп үн катад. Бітті. Аяқ алға жүрмей қалад. Студияда – Сауық Жақанова.

Бір сөзін де бөлгің келмей, үнсіз, тұрған жерде қатасың да қаласың. «Ии, қиял, жүрсеңші, сабақтан қаламыз!». Жеңнен тартқан сыныптас та, сабақ та жайына қалады. Иә, осындай кездер, сабаққа кешігу жиі қайталанатын. Тәтті кешігу, дауысқа ғашық боп кешігу. Майқанова. Жооо-жок, Жақанова болғың келу... Тағы да ести бергің келу...

Дауыс күшін қойсаншы. Асықпай-аптықпай, жай ғана, мәтінін Алматының бір бұрышында оқып, құрылғының ар жағынан әуе толқынымен сан мыңдаған адам тындап, бір-біріне тағдырын табыстаса, қалай таңғалмассың?! Қазіргідей алапат робототехника емес, жай ғана әуе толқыны. Сымсыз байланыс. Мысалды Шығыс Қазақстанның облыстық «Дидар» газетінің сайтынан алдық. Бұл мақала тумысынан қолы кем, десе де саусақсыз сурет салып жүрген, көптеген жұлде иесі Нәзигүл Шәрібаева туралы. Онда былай делінген: «Бірде Шәригүл қазақ радиосынан берілетін Сауық Жақанованың «Сәлеметсің бе, замандас?!» атты хабарынан қызылордалық Серік Өтепов деген жігіттің сұқбатын естіп қалады. Сап-сау дүниеге келіп, дәрігердің салғырттығынан мүгедек болған жігітке жаны ашып, қолдау білдіріп, хат жазады. Сол кезде оған Қазақстанның түкпір-түкпірінен үш жүздей хат келген екен. Сол үш жүз хаттың үшіншісі Нәзигүлдің хаты болса керек. Хат мазмұнынан қыз мінезіндегі байыптылықты аңғарған Серік жауап жазады. Бұл сыйластық сырластыққа ұласып, жігіт сонау Қызылорданың Арал қаласынан Нәзигүлді іздеп келеді. Осылайша жарым көңілдер бүтінделіп, Көгедайда жаңа бір шаңырақ көтеріледі». Мұндай мысалдар мың сан. Жақанова даусы жүректерді тербеп, жүректің жүрекен табысуына сеп болады. Мүмкін Жақанова мұның бір де біреуін білмейді. Білмей жүріп, Жаратқанның жазуымен жақсылық жасау осындай болар, сірә?!

Иә, Тәңірдің берген құдірет сыйы – дауыспен арбап алу. Шүкір, бүгінде сексеннің сеніріне



бірақ даусымен оянып, даусымен ұйықтаған, Жаратқан жаратылысын бөлек етіп пішкен аңыз адаммен кездесу.

«Көптің бәрі Жақанованы таниды» десек, артық айтқандық болар. Олай демеске амал да жоқ. Қазіргі смартфонның дәуірлеп тұрған шағында сананың басқа, бір күндік ақпараттардан босай алмай жатқаны – ашы шындық. Десе де көп уақыт өте қойған жоқ, Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордада журналистерді құттықтап, отандық

қабылдап, өз орнына қарай асықты. Президент күліп, диктордың артынан «суретке түсейік» деп қол бұлғады. Оны да естімеген Сауық Жақанова орындығына жақындап қалғанда әріптестері «президентпен суретке түсу керек» дегендей ишара танытты. Сонда ғана өзінің Тоқаевпен суретке түсуді ұмытып кеткенін түсінген ол ыңғайсыздық танытып, қайтадан президенттің жанына барды. Мұны жарыса жазбаған, көрсетпеген бұқаралық ақпарат құралдары қалмаған болар. Қазақстан мен

Жарқырайды жарық жұлдызы Шоқанның!


Шығысымның күн сәулетті шаһары, Шұғылалы нұрлы таңы атады. Құсмұрында дүниеге келіпті, Қазақтың сол асыл ұлы – Шоқаны!

Бала кезден Сырымбетте жүргенін, Ел ішінің аңыздарын білгенін. Әжесінің Шоқан кыстау үйінде Өткізгенін балдәурен шақ күндерін.

Тындап өскен әжесінен ертегі, Арманшылды ойлантады ертені. Табиғатын тамашалап жас өрен, Шарлап кезген өзі туған өлкені.

Зерек өскен үміт күтіп Шоқаннан, Әке Шыңғыс Омбы оқу апарған. Алыс жаққа жол жүрерде еркесі Айғанымдай әжесінен бата алған!

Таңдапты да әскерілік бағытты, Офицерлік терең білім алыпты.



Бауырындай болып кеткен бозбала, Гримадай жақсы досын тауыпты.

Жалын жастың асқақ еді арманы, Жарқын күнге сенетұғын алдағы. Өз ұлтының болашағын ойлаған, Білімді жас ғылым жолын таңдады.

Аралаған ел мен жердің арасын, Ән сап тұрар қазақтың кең даласын. «Қозы-Баян» жазып алған қиссасы, Өлшеуі жоқ алыпты зор бағасын!

Еңлік МЫРЗАХМЕТОВА

ДЗЮДО: СПОРТ ПЕН ТӘРБИЕ МЕКТЕБІ

Адам денсаулығын нығайтатын – күш-жігерін арттыратын және рухани дамуына ықпал ететін маңызды саланың бірі – спорт. Қазақстандық спортшылар да әлемдік аренада үлкен жетістіктерге жетіп жүр. Бұл дегеніміз – еліміздегі спорттың дамып келе жатқанының айқын дәлелі. Әрбір спорт түрінің өзіндік ерекшелігі бар. Солардың ішінде адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналған спорттың бір түрі – дзюдо.

Дзюдо спорты Жапонияда пайда болған шығыс жекпе-жек өнері. 1882 жылы Кано Дзигоро

есімді азамат негізін қалаған екен. «Дзюдо» сөзі жапон тілінен аударғанда «жұмсақтық жолы» дегенді білдіреді. Бұл спорт түрі тек ғана күшке емес, қарсыластың қимылын дұрыс пайдалана білуге негізделген.

Аталмыш спорт түрінде қарсыласқа зиян келтірмей, оның энергиясын өз пайдасына жарату. Мұнда құлату, ұстап қалу, буынға және қылқындыру әдістері арқылы жекпе-жекке түседі. Бұл спорттың пайдасы дене дайындығы бойынша, ептілікті, күшті, төзімділікті арттырады. Ол психологиялық әсері бойынша, өзін-өзі бақылауға, сабырға, тәртіпке үйретеді. Сонымен бірге бұл спортпен айналысатын спорт-

шылар татами үстінде күреседі. Олар арнайы «дзюдоги» киімін киеді.

Дзюдо бүгінде бүкіл әлемде дамыған Олимпиадалық спорт түрі. Қазақстандық спортшылар да халықаралық аренада табысты өнер көрсетіп жүр. Ел намысын қорғаған дзюдошылар Азия чемпионаттарында, Әлем біріншіліктерінде және Олимпиада ойындарында жүлделі орындар алып келеді.

Дзюдо – тек спорт емес, ол өмірлік философия, өзін-өзі тәрбиелеу жолы. Бұл спорт түрі адамды дене жағынан шынықтырып ғана қоймай, рухани дамуына ықпал етеді.

Гүлнар ДОСЖАНОВА

Құмар ойын құрығы бүгіннің өзекті мәселесі екеніне ешкім дауласа қоймас. Әуеліде 100-200 теңге салып көрумен басталатын індет кейіннен тапқан-таянғанын түгелімен ойынға салып жіберумен, соңы миллиондаған қарызбен аяқталатынын көбісі біле бермейді. Оның арасында бала-шағасын қамтамасыз ете алмау, ажырасу, ұрлық жасау, тіпті суицид те орын алып жатады. Бұған әркімнің санасы қарсы тұруы керек деген ойды айтамыз. Алайда адамның құмар ойынға қызығушылығы қайдан басталады деген сауалға жауап іздемейміз. Соның кесірінен бүгін де букмекерлік кеңселердің қалтасы қампайып, «азартниктер» саны еселеніп кетті.

Азарт – медициналық ауру

Рас,ғалымдарқұмаройынғақызығушылардың санасын патологиялық ауру, яғни психикалық ауытқуға ұшыраған деген тоқтамға келді. Бұған сенбесеңіз, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы «лудомания» деген терминді дүниеге әкелді. Демек азартқа құлшынысы бар жандар маскүнем, нашақор сияқты эмоцияналды тәуелді адамдармен теңестірілді деген сөз. Ресми дерекке сүйенсек, Қазақстанда орта есеппен лудоманиямен ауыратын 400 мыңға жуық ойыншы бар. Қадамын шалыс басқан бұлардың әрқайсысының орташа қарызы 10 миллион теңгеден асатын көрінеді. Соның зардабынан әрбір 10 жұптың 7-еуі некесін бұзады. Құмардың құрығына енді ғана түсіп, әзірге қарызға кіре қоймағандарды қоссақ, бұл көрсеткіштің әлдеқайда өсетіні анық. Ал Қазалы ауданы бойынша азартқа санасы жеңілгендердің ресми саны белгісіз. Алайда карта, спорт ойындарына, компьютерлік бағдарламаларға есе жібергендер қарасы қалың екені анық.

– Құмар ойын ойнағанымды жасырмаймын. Керек десеңіз, осындағы үш адамның біреуі ақша тігіп ойнайтын ойындардың клиенті деп айта аламын. Осы кезге дейін құмар ойынның барлық түрін ойнап көрдім. Бұған интернет пен әлеуметтік желідегі жарнамалар қызықтырып әкелді. Ең алғашқысы – «1xBet». Футболға бәс тігетін едім. Бірде 100 мыңдап ұтамын, кейде сондай ақшаны ауаға ұшырамын. Қазір мұны тоқтатқаным 8 айдан астамы. Бұдан кейін «ріпур» деген сайтқа тіркеліп, ойынның

жүйесін түсініп алдым. Алғашында 200-300 мың теңгедей пайдаға шықтым да, бірер аптадан соң 500 мың қарызға қалай кіргенімді аңғармай қалдым. Мұны да дер кезінде қойдым. Ол үшін ерік-жігерің мықты болу керек шығар. Өйткені менімен бірге ойынды тоқтатып, кейін қайта бәстигіп кеткен бірнеше досым бар. Айтқанға көнбейді, – дейді кент тұрғыны Дәулет Есмырза.

видео ашсаңыз, алғашқы 5 секунд букмекерлік кеңселерді жарнамалайды. Әлеуметтік желінің лентасын жүгіртсеңіз, бәстен ақша ұтып, алансыз көңіл көтергендердің келбеті қызықтырып тұр. Дәл осы сәтте Үкімет деңгейінде бақылау жүргізілмейтіні бір өкпелетсе, оның құрығына түскендерге араша түспейтін билік екінші рет наразылықты күшейтеді.



Желідегі жарнама желөкпе етеді

Жарнама дегеннен шығады, жоғары оқу оқып жүргенде, белгіленбеген жерден өтіп, айыппұл арқалағаным бар. Студенттің қалтасында қаржы бола бермейтіні түсінікті, хаттама толтырып жатқан полициейге «айыппұл салмай-ақ қойыңызшы» деген бұйымтай айтқан едім. Оған: «Бір мың теңге салып, «ставкадан» көтеріп алсаң, төлейсің ғой», – деген жауап естідім. Әрине күлкілі естіледі. Бірақ қазір одан да күлкілі әрі еліткіш жарнама ғаламторда толып жүр. Youtube-тен

Мәселен, АҚШ-та құмар ойындар проблемаларымен күрес жөніндегі қауымдастық бар. Шынтауайтына келгенде, Қазақстанда азартқа санасы жығылғандар мұхиттың ар жағындағы елден көп көрінеді. Алдымен осы қауымдастықтың зерттеуіне тоқталдық. Зерттеуге сәйкес, әлемдегі кез келген қала тұрғынының аяқ астынан қылмыскерге айналуы 6% болса, маскүнемге айналуы – 34%, нашақорлыққа салынуы 32%-ды көрсетеді. Қызықты қараңыз, әп-сәтте ойынқұмар атануы 48%-ға жетеді екен. Демек құмар ойынның еліктіру күші есірткіден де асып түседі.

Тұрпайы сөздерді тұрасынан айтсақ, еліміздің оңтүстігінде «шешеден», батысында «анадан» «жіберетіні» өтірік емес. Ал екі қазақ жаға жыртасып, үшінші жақтан біреу арағайындық жасап, төбелесті тежеп тұрғандағы боғауыз сөздер туралы айтудың өзі артық. Мұндай ерегес, жеке басқа өтіп, бабасы көрінде тыныш жатқызбай, баласын бейшара ететін анау-мынау сөздер әлеуметтік желіде саусақтың әр қадам сайын кездеседі.

Кешелі бері заң шығарушы орган мұндай өрескелдікті тоқтатуға бағытталған құжатты жұрт талқысына салды. Қоғамдық орында, мейлі телефонмен, әлде жаныңда тұрған адамға қарата, тіпті ешкімге бағыттамай-ақ, ауыздан «көк ит» шығарсаңыз 69 мың теңге айыппұл төлеуіңіз ғажап емес. Таңнан кешке дейін тынымсыз жұмыста жүрген бір адамның айлығы. Аз емес, ә?!



«Он күнәнің тоғызы – тілден» дейді қазақ. Ендеше шекені ашу қысып, шайтан түрткенде ауызға ие болып, сабыр қылуды үйренбек керек. Бірақ боғауызды қабылдап алған адам арызданса, әлгі ашуыңыз жауапкершіліктен жалтаруға көмектеспейтінін түсіну керек. Дегенмен даудан, лас сөзден тыйылатын уақыт келгені қашан?!

Оның үстіне елге белгілі тарихшы, этнолог Жамбыл Артықбаевтың: «Қай халық көп боқтайды, соған қарап сол елдің сондай құл болғанын, қорлықты көп көргенін аңғартағынын» деген сөзі бар. Мұндайда «сонда қазақ қалай боғауызға жақын болды?» деген сауал туындайды. Мұны түсіну үшін журналист Нұрбек Бекбаудың жазбасын оқып шыққан дұрыс.

Ал қазақ ше? Қазақ та боқтайды! Шымкенттіктердің «шшс», Адайлардың «әнаңды сс», – деп былапыт айтатыны бар. Бұл бейпіл, арызсз сөз бұрыннан бар ма? Әлде өзбек-сартпен келді ме? Шындығында мұндай боқтық – XIX ғасырдың басында оңтүстік өлкені Қоқан хандығы, Маңғыстауды Хиуа әмірлігі жаулап ап, езгіге түсірген заманнан тамыр тартады, – дейді Жамбыл Артықбаев.

Атақты «шшс» осы сарт басқыншыларына деген ғыжыл, зекет жинай кеп, ауылды ойрандап кететін Қоқан, Хиуа әскеріне шамасы келмеген қазақтың қарғысы.

Яғни «шешенді», «ананды» деген боқтық сөз сол шарасыз уақыттың естелігі. Олай болса, анаға тіл тигізу дегенді тастайық,

бұл – құлдың сөзі! Құл ғана боқтайды! Құлда ғана ана, әкенің қадірі жоқ, – дейді журналист.

Қазақ жұртын боқтампаз халықтың қатарына қосқымыз келмесе де, әкесі үлкен жігіт одан кіші туысынан туған ұлды шешеден боқтауға «права» беретін, жазылмаған дәстүр бар. Тарихшының пайымына сенер болсақ, бұл «салт» беріректе өмірге келсе керек. Алайда әкесі кіші адам кез келгеннен боқауыз ести бермейтін тәртіп бар. Бірақ жақын туысы шешеден кетіп жатққанда шыдас берудің өзі оңай емес.

Қазалылық Болат Олжасбек солай дейді:

– Бала кезімде белгілі жағдайларға байланысты рулас ағайынмен араласқан жоқпын. Кейін ес кіргесін оң-солыма қарап, туыстарыммен жиын-тойларға жиі баратын болдым. Бір-екі дастарқандас болып, шежіремізбен танысқаннан кейін, үлкендер тұрпайы боқтауды шығарды. Алғашында ашуға ерік беріп, жаға ұстасып қалған кездерім болды. Кейін ру ақсақалдары мұның ешқандай зілсіз, өзіне жақын тарту ниетімен айтылатын әзіл сөз ретінде қарауға шақырды. Әрине айтылған сөз, атылған өкпен тең екенін ұғынып, сөздің салмағын біле тұра, бұған бірден көндігіп кеттім деп айта алмаймын. Маған ағайынмен сыйласу маңызды екенін, бірақ боғауызсыз араласқым келетінін де қадап айттым. Кейбір мінезді ағаларым мұныма пысқырып та қарамады. Бірақ қазір жаныма жақын болып кеткен туыстарыма ренжи де алмаймын. Ебін тауып өздерін боғауызбен орғытып алудың амалын, айласын іздейтін болыппын. Қалай десек те, әзіл – әзілімен. Былапыттың жақсысы жоқ. Бірақ мұны рулас ағаларыма түсіндіріп көріңіз, – дейді ол.

Екеу ара әзіл түсінісетіндер ештеңе емес, біреудің аузына аңдығандар полицей шақырып, боқтампазға 70 мың теңгеге жуық айып арқалатады енді. Оны төлеуге шамасы келмеген адам 30 тәулікке темір торға тоғытылады. Алыпқашпа әңгіме екен десеңіз, дәлел де бар.

– Бұған дейін ұсақ бұзақылыққа 17 мың теңге шамасында айыппұл салынатын немесе 15 тәулікке қамауға алынатын. Енді жауапкершілік күшейеді. Өзгерістер бойынша ұсақ бұзақылыққа

БОҒАУЫЗ БЕН БОСТАНДЫҚ

қоғамдық орындарда балағат сөздер айту, жеке тұлғаларды қорлау және оларға қысым көрсету, ғимараттарды, көліктегі және қоғамдық орындардағы мүлікті қорлау, қоғамдық тәртіпті және жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын басқа да әрекеттер кіреді, – дейді ҚР ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің басқарма бастығының орынбасары Азамат Құрымбаев.

Айта кетейік, Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекске енгізілген бұл өзгерістер наурыз айында күшіне енеді. Қысқасы, боқтық сөзді тиюға қатысты органның екі елі ауызға төрт елі қақпағы осылай бекітілмек.

ЕҢБЕКТИҢ ЕРЕН ЕРЛЕРІ

1-бетте

ШИРЕК ҒАСЫРЛЫҚ ШЫДАМ МЕКТЕБІ

Берік Қасымханұлы – Ақтөбе облысындағы «СНПС Ақтөбемұнай-газ» АҚ зауытында ұзақ жылдар еңбек етіп жүрген тәжірибелі маман. Оның әңгімесінен байқағанымыз, бұл салаға келген әрбір жанның тағдыры төзім мен табандылыққа байланады.

– Әр жұмыстың өз қиындығы бар. Зауыттағы ең ауыр сәттердің бірі – күрделі жөндеу басталған уақыт. Қызметкерлердің барлығы күн-түн демей еңбектенеді. Бірақ мамандығымды шын сүйгендіктен, осындай кезеңді еш мойымай өтемін, – дейді ол.

Берік ағайдың тағы бір күрделі тұсы – вахталық жұмыс. Әр ауысым сайын он бес күн бойы отбасы мен туған-туыстан жырақта болу оңай емес. Мерекелерден қалып, ұзақ уақыт отбасыдан жырақта болу кез келген жан үшін қиын екені рас.

– Басында «бес жыл істеп, басқа салаға ауысамын» деп ойлағанмын. Бірақ өмірдің өз жоспары бар екен. Сөйтіп жүріп, мұнай саласында



ширек ғасырдан астам уақыт еңбек етіпін, – дейді кейіпкер.

Берік Қасымханұлы үшін мұнай тек табыс көзі емес, өмірлік мектеп. Ол жас буынға әрқашан «барды бағаландар» деп өсиет айтады.

– Мұнай саркылады, бірақ еңбектің қадірі саркылмайды. Ысырап-шылдыққа жол бермей, табиғатты қорғау – бәріміздің ортақ міндетіміз. Әр ұрпақтың қолында тек байлық емес, жауапкершілік бар, – дейді ол.

Оның айтуынша, мұнайшы болу – тағдырдың таңдауы.

– Бұл сала мені шыдамдылыққа үйретті. Еңбектің дәмін татып, маңдай

тердің бағасын түсіну – адамды биікке жетелейтін ең үлкен сабақ, – дейді тәжірибелі мұнайшы.

Арман туралы сөз қозғалғанда Берік ағайдың ойы ерекше әсер қалдырды.

– Арман – материалдық тұрғыда баю ғана емес, ол – өзінді шыңдау, рухани өсу. Мен үшін ең басты мақсат – елге пайда әкеліп, кейінгі ұрпаққа адал еңбектің үлгісін қалдыру кісінің мал-мүлкі емес, жасаған жақсылығы мен игі ісі мұра болады, – деп ой түйді ол.

ҚАРА АЛТЫНҒА АДАЛ ҒҰМЫР

Мұнай саласының тағы бір майталманы – Баходир Ходжалипесов. Оның еңбек жолы 1987 жылы бұрғылаушының көмекшісі болып басталған. Алғашқы қадамдары қиындыққа толы болғанымен, ол мойымай, шыңдалу жолында аянбай тер төккен еңбексүйгіш жан.

– Ол кезде тәжірибем аз еді. Жігі қателесетінмін. Бірақ әр қателік маған сабақ болды. Ашық даладағы еңбек оңай емес. Жаздың аптап ыстығы мен қыстың қақаған аязы төзімділікті талап етті. Сол жолда шынықтым, өмірлік тәжірибе жинадым, – дейді ол.



Баходир Сейсенбайұлының ерекшелігі – білімге деген құштарлығы. Ол уақыт өте Қытай мемлекетінде біліктілігін арттырып, алған білімін туған жерінде кәдеге жаратқан.

– Болашақ мұнайшыларға айтарым – өз кәсібінің нағыз маманы болуға ұмтылсын. Ол үшін тек тәжірибе жеткіліксіз, әлемдік деңгейде білім алуға да талпыну керек, – дейді кейіпкеріміз.

Баходир ағайда бұл саланы өз таңдауы деп біледі. Оның айтуынша, мұнай өндірісі – елге қызмет етудің үлкен жолы.

– Егер қайтадан мүмкіндік берілсе, ойланбастан осы жолды таңдар едім, – дейді ол сенімді үнмен.

Әңгіме арман жайына келгенде, кейіпкеріміздің сөзі жүрекке жетті.

– Менің ең үлкен арманым – балаларымның дұрыс жол таңдап, қателеспеуі. Жастарымыз білімді болса, еліміз де алдыңғы қатарға шығады. Мен сол күнді көрсем деймін, – дейді ардагер мұнайшы.

Берік Демжанов пен Баходир Ходжалипесовтың өмір жолы – бүгінгі жасқа бағыт-бағдар боларлық тағылым. Бірі зауыттың қақыраған ыстығында маңдай терін төксе, бірі даладағы қақаған аязбен бетпек келіп шыңдалды. Екеуінің жүрген жолы екі бөлек болғанымен, жүрек түбіндегі ортақ қасиеті бір – еңбегіне деген адалдық пен төзім. Сол адалдық оларды биікке көтеріп, төзімділік оларды қайсарлыққа жетеледі.

Жұмысшы мамандықтар жылы – осы еңбек адамдарының ерен еңбегін айшықтай түсті. Қара алтынды қазып, елге қызмет еткен жандардың әрбір күні – құрметке лайық.

Қорлан САРЫ

ЖАСТАРҒА МҮМКІНДІК: «ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҚТАРЫ» ГРАНТЫНА ӨТІНІШ ҚАБЫЛДАУ ЖАЛҒАСУДА

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі жастардың шығармашылық бастамаларын қолдау мақсатында 2021 жылдан бері «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын ұсынып келеді.

Бұл жоба – еліміздің талантты жас азаматтарының ғылым, мәдениет, IT, бизнес, медиа және волонтерлік бағыттарындағы тың идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін маңызды мемлекеттік қолдау тетігі.

2025 жылдың 16 маусымы мен 18 тамызы аралығында алғашқы өтінімдер қабылданды. Нәтижесінде барлығы 1 391 өтінім түсті: ғылым – 130, мәдениет – 131, ақпараттық технологиялар – 218, бизнес – 644, медиа – 145, волонтерлік – 123. Оның ішінде 186 үміткердің құжаттары толық тексеріліп, қабылданды. Бұл азаматтардың тізімін ұйымдастырушылар ресми сілтеме арқылы жариялады.

Конкурстық өтінімдер 2025 жылдың 9-19 қыркүйек аралығында, түнгі сағат 24:00-ге дейін t.zaivka2025@bk.ru электронды поштасы арқылы қабылданады.

Айта кету керек, тізімге енген 186 үміткердің құжаттарын қайта жіберуі талап етілмейді. «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантының негізгі мақсаты – белсенді әрі шығармашыл жастардың жаңа

идеяларын қолдап, заманауи бастамаларды дамытуға жағдай жасау. 2025 жылы республикалық деңгейде әрқайсысы 3 миллион теңгеден 30 грант тағайындалады.

Грантқа Қазақстан Республикасының азаматтары, 14 жас-тан бастап 35 жасқа дейінгі (34 жасты қоса алғанда) жастар

өтініш бере алады. Бұл бастама жас ұрпақтың кәсіби дамуына серпін беріп, елдің әлеуметтік-мәдени өміріне жаңа леп қосарына сенім мол.

«АЖ» ақпарат



11 ҚЫРКҮЙЕК: ТАРИХ ПЕН ТАҒЫЛЫМҒА ТОЛЫ КҮН

Тарихта кей күндер адамзаттың жадында мәңгі сақталып, әр елдің санасында түрлі оқиғамен байланыстырылады. 11 қыркүйек – сондай даталардың бірі. Бұл күнді айтқанда әлем жұртшылығы ең әуелі АҚШ-тағы қайғылы оқиғаны еске алады. Ал кейбір халықтар үшін 11 қыркүйек – жаңа жылдың басталуы, табиғаттың жаңаруы немесе діни мереке іспетті қастерлі күн.

Қазақстан үшін де бұл дата белгілі бір тарихи, мәдени және қоғамдық мәнге ие. Әр жылы қыркүйектің осы күнінде елімізде де түрлі еске алу шаралары, мәдени оқиғалар мен қоғам назарын аударатын бастамалар өтеді.

Сондықтан біз бүгін 11 қыркүйектің әлем елдеріндегі және Қазақстандағы ерекшеліктеріне шолу жасап, оның әр қырын қарастырып көрмекпіз.

Әлем халықтарының мерекелері

Мысылық копт православ шіркеуі жаңа жылды 11 қыркүйекте (ескі күнтізбе бойынша 29 тамызда) атап өтеді. Бұл күнді олар «Наурыз» деп атайды. Атаудың өзі парсы тілінен енген, себебі көне дәуірде Египет парсы империясының ықпалында болған.

Эфиопия халқы да дәл осы кезеңде жаңа жылға қадам басады. Бұл мереке жауын-шашынның тоқтауымен, егін жинау науқанының басталуымен байланысты. Табиғат пен тіршіліктің жаңаруын бейнелейтін ерекше мейрам.

2001 жылғы 11 қыркүйекте Нью-Йорк пен Вашингтон қалаларында болған лаңкестік оқиғалар бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Сол қасіретті күнде қаза тапқан мыңдаған бейбіт тұрғындарды еске алу мақсатында АҚШ-та жыл сайын Патриоттар күні аталып өтеді.



1996 жылы Украина Президентінің Жарлығымен бекітілген мереке. Әр жылдың қыркүйек айының екінші сенбісінде кино өнерінің дамуына үлес қосқан шығармашылық өкілдер ұлықталады.

Бұл күн Ұлы ағартушы, Аргентина мемлекетінің бұрынғы президенті Доминго Фаустино Сармьентоның (1811-1888) өмірден өткен күніне байланысты бекітілген. Елде білім саласының дамуына өлшеусіз үлес қосқан тұлғаны еске алу дәстүрге айналған.

11 қыркүйек: есте қалар оқиғалар

1883 жыл – Семей аймақтық мұражайы ашылды. Мұражайдың негізін саяси қуғын-сүргін көргендер қалаған. Абай Құнанбайұлы мұражайға барлық жасауымен киіз үй сыйға тартқан.

1931 жыл – «Индустриальная Караганда» газетінің алғашқы саны жарық көрді. Кейін атауы бірнеше рет өзгерді. Ұлы Отан соғысы жылдары ел қорғау ісіне ерекше үлес қосқан басылым бүгінде аптасына екі рет шығады.

1991 жыл – Қазақстанда Ғарыштық зерттеулер агенттігі құрылды.

1993 жыл – Атырау облысындағы Теңіз ауданының атауы Құрманғазы ауданы болып өзгертілді.

1997 жыл – Қазақстан Қарулы Күштерінің Әскери академиясы ашылды.

2007 жыл – «Шоқан Уәлиханов» желкенді кемесі дүниежүзілік теңіз саяхатына шықты. Сондай-ақ М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің 75 жылдығына орай мерекелік медаль шығарылды.

2009 жыл – Павлодарда грек мәдениетінің «Эльпида достарын жинайды» атты фестивалі өтті.

Осылайша, 11 қыркүйек – әлем тарихында да, Қазақстан тағдырында да түрлі оқиғалар мен тағылымды сабақтарға толы күн.

Дайындаған А.МАРАТҚЫЗЫ

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі			
Ақмешіт ЖАСТАРЫ Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №КЗ 32VРУ00086947 куәлігі 02.02.2024 жылы қайта берілген. «Ақмешіт жастары» республикалық газеті КР ТАП ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.	БАС ДИРЕКТОР Марат АРАЛБАЕВ		Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.
	Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10 БАС РЕДАКТОР Абзал ЖОЛТЕРЕК		Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru Instagram: @aqmeshit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz
			Кезекші редактор: Нұршат НЫШАНОВА Таралымы: 6479 Тапсырыс:1535